

## **Бахар ауылдық округінің Бахар және Шырын ауылдарының кейбір атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы**

Алматы облысы Ұйғыр ауданы Бахар ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 01-04 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 26 қаңтарда № 5966-05 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Бахар ауылдық округінің Бахар, Шырын ауылдары халқының пікірін ескере отырып және Алматы облысының ономастикалық комиссиясының 2022 жылғы 30 наурыздағы қорытындысының негізінде ШЕШТІМ:

1. Бахар ауылдық округінің Бахар ауылының атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- атауы жоқ көшесіне – "Әл-Фараби" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Сәбит Мұқанов" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Тұран" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Алатау" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Илья Бахтия" көшесі.

2. Бахар ауылдық округінің Шырын ауылының атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- атауы жоқ көшесіне – "Әлішер Науаи" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Жетісу көшесі" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Дінмұхамед Қонаев" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Мұқағали Мақатаев" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Махмұд Қашқари" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Ахмет Байтұрсынов" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Жібек жолы" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Ақсу" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Іле" көшесі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бахар ауылдық округінің әкімі*

*Т. Салимов*